

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 19 қараша N 1754. Қаулының 5-тармағын қоспағанда күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1111 қаулысымен

Ескерту. Қаулының 5-тармағын қоспағанда күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1111 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 13 қазандағы N 235 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қ о с а б е р і л і п о т ы р ғ а н :

- 1) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі туралы ереже;
- 2) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі қарауындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне үш, оның ішінде бір бірінші вице-министрі болуына рұқсат етілсін.
3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің Орта және кәсіптік білім комитеті (бұдан әрі - Комитет) таратылсын.
4. Комитет таратылғаннан кейінгі оның мүлкін басқару жөніндегі өкілеттік Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне беріледі деп айқындалсын.

5. Мемлекеттік органдар болып табылмайтын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қарауында болатын мынадай мемлекеттік мекемелер (бұдан әрі - Мекемелер) құрылсын:

- 1) Сейсмологиялық тәжірибе-әдістемелік экспедициясы;
- 2) Кеңес Одағының Батыры Сабыр Рахимов атындағы Шымкент республикалық әскери мектеп-интернаты; < * >
- 3) Қарағанды республикалық әскери мектеп-интернаты;
- 4) Б.Момышұлы атындағы Алматы республикалық әскери мектеп-интернаты;
- 5) А.Жұбанов атындағы республикалық қазақ орта музыкалық мектеп-интернаты;
- 6) Республикалық қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын мектеп-интернаты;
- 7) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.04.2015 № 358 қаулысымен .
- 8) Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы;
- 9) Академик Қ.И.Сәтпаев мемориалдық мұражайы.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.29. N 1214; 27.04.2015 № 358 қаулыларымен.

6. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі:

- 1) Комитетті таратуды жүзеге асырсын;
- 2) Комитетті таратқан соң Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылдаған шешімдерін осы қаулыға сәйкес

келтіру жөнінде ұсыныс енгізісін;

3) құрылған Мекемелердің құрылтай құжаттарын бекітсін және олардың әділет органдарында тіркелуін қамтамасыз етсін;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын. 7. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы

Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын. 8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы

19 қарашадағы

N 1754 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрлігі туралы

Ереже 1. Жалпы ережелер 1. Білім және ғылым министрлігі (мұнан әрі - Министрлік) Қазақстан Республикасының басшылық, сондай-ақ заңдарда көзделген шектерде білім, ғылым мен техника саласында салааралық үйлестіруді іске асыратын орталық атқарушы орган болып табылады.

Министрліктің ведомствосы бар: Жоғары аттестациялық комитет.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.01.17. N 61 қаулысымен.

2. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады. 3. Министрлік мемлекеттік мекеменің ұйымдық құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде шоттары болады.

Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Егер Министрлікке заңдарға сәйкес уәкілеттік берілген болса, онда оның мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастар тарапы болуға құқығы бар.

4. Министрлік өз құзыретінің мәселелері бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен бұйрықтар түрінде актілер шығарады, олардың Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші болады.

5. Министрліктің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Министрліктің құрылымын Білім және ғылым министрі (мұнан әрі - Министр) бекітеді.

6. Министрліктің заңды мекен-жайы: Астана қаласы, Республика даңғылы, 60. <*> ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.02.21. N 186 қаулысымен.

7. Министрліктің толық атауы "Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" мемлекеттік мекемесі. 8. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады. 9. Министрліктің қызметін қаржыландыру тек мемлекеттік бюджеттен жүзеге асырылады.

Министрліктің өз функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан басқа кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға кіруіне тыйым салынады.

Егер Министрлікке заң актілерімен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен түскен кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі. 2. Министрліктің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

10. Министрліктің негізгі міндеттері:

1) білім, ғылым мен техника саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлеп, жүзеге асыру;

2) жеке тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде қалыптасуына, дамуы мен кәсіптік қалыптасуына бағытталған білім алуына қажетті жағдайлар жасау;

3) азаматтардың мемлекеттік оқу орындарына кепілдендірілген тегін орта білім алуын қамтамасыз ету;

4) ғылыми зерттеулерді жетілдіруді ұйымдастырып, оларды міндетті түрде мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптау және ғылыми зерттеулердің нәтижесін мемлекеттік қабылдаудан өткізе отырып ашық конкурстар негізінде қаржыландыруды қамтамасыз ету;

5) білім және ғылым саласын ақпараттандыру;

6) ресурстарды ғылым мен техниканың басым бағыттарына топтастырып, өз қызметінің саласына тікелей инвестиция тартуға қатысу;

7) білім, ғылым мен техника саласындағы заңдарды жетілдіру үшін ұсыныстар әзірлеу;

8) білім, ғылым мен техника саласында жекешелендіру бағдарламасын әзірлеуге және оны іске асыруға қатысу;

9) ғылыми және педагогикалық кадрларды дайындау мен аттестациялау;

10) Министрліктің құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру және дамыту. 11. Министрлік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) білім, ғылым мен техниканы дамытудың тұжырымдамасын, стратегиясын, мемлекеттік және мақсатты бағдарламалары мен жоспарларын әзірлейді;

2) білім, ғылым мен техника саласындағы заңдарды талдайды, қолдану практикасын қорытады және оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес білім, мемлекеттік жалпы білім стандарттары, ведомстволық бағыныстағы ұйымдардағы бюджеттік және қаржылық жұмыстарда Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік құқықтық актілерінің орындалуына мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асырады;

4) білім берудің мемлекеттік стандарттарын әзірлейді және бекітеді;

5) орта кәсіптік білім, жоғары кәсіптік білім және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарын аттестациялауды жүзеге асырады;

5-1) жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аккредиттеуді ұйымдастырады және жүргізеді; <*>

5-2) ғылыми ұйымдарды аттестаттауды және мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредиттеуді жүргізеді; <*>

5-3) міндетті мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама өткізуді ұйымдастырады; <*>

6) білім беру технологиясы саласында инновациялық саясатты жүргізеді, білім беруді ақпараттандыруды, бірінші кезекте мектептерді компьютерлендіру, оқулықтардың жаңа толқынын әзірлеу мен шығаруды қамтамасыз етеді;

7) конкурстық негізде нақты және қолданбалы ғылыми-техникалық зерттеулердің бағдарламаларын мемлекеттік ғылыми техникалық сараптаудан өткізіп, олардың жүзеге асуына бақылау жасауды қалыптастыруды жүзеге асырады; <*>

7-1) әлсіз, ауру балаларды, сондай-ақ экологиялық қолайсыз аймақтардың, әл-ауқаты төмен және көп балалы отбасыларының балалары, балалар үйлеріндегі жетім балаларды оңалту бағдарламасын, оларды тәрбиелеу, оқыту және сауықтырумен қоса іске асырады;

8) республикалық бюджет есебінен ғылыми-техникалық бағдарламалардың ұйымдары - орындаушылары өткізетін ғылыми, конструкторлық және технологиялық жұмыстарды үйлестіреді;

9) өзінің қызмет саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады, халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын әзірлеуге қатысады, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің тапсыруы бойынша оларға қол қояды;

10) өз құзыретіне жататын қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады;

11) мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпараттандыру жүйесін жетілдіреді, өз қызметінің саласында ұлттық ақпараттық ресурсты қалыптастырады;

11-1) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерді қоса алғанда, мемлекеттік мерзімді ғылыми-техникалық басылымдардың және басқа да баспа өнімдерінің орындылығын анықтайды; <*>

11-2) мемлекеттік бюджет есебінен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының, іргелі және қолданбалы зерттеулердің аяқталған тақырыптары мен бағдарламаларының, қорғалған диссертациялардың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етеді; <*>

12) ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауды, қайта даярлауды, аттестациялауды ұйымдастырады және өткізеді;

13) облыстық, астаналық және республикалық бағыныстағы қалалардың білім және ғылым басқармалары органдарының, мемлекеттік колледждер, басқа да орталық атқарушы органдары жоғары оқу орындарының бірінші басшыларын қызметке тағайындауға және қызметтен босатуға келісім береді;

13-1) Қазақстан Республикасының білім, ғылым органдары мен оқу орындарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қояды;

14) өзіне заңдармен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 7-1)-тармақшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.12.02 N 1824 қаулысымен.

Ескерту. 13-1)-тармақшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.07.23. N 990 қаулысымен .

Ескерту. 7)-тармақша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.05.22. N 550 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.02.21. N 186

қаулысымен .

Ескерту.11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.11.27. N 1191 қаулысымен . 12. Министрліктің негізгі міндеттерін іске асыру және өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) өз құзыретінің шегінде нормативтік құқықтық актілер қабылдауға;

2) өз құзыретінің шегінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

3) ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындауға және қызметтен босатуға;

4) өзінің міндеттерін іске асыру үшін мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды тұлғалар мен азаматтардан

- қажетті ақпараттарды сұрауға және алуға;
- 5) өз құзыретінің шегінде ұйымдарды құруға, қайта ұйымдастыруға және таратуға ұсыныс енгізуге; <*>
- 5-1) ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің жарғыларын бекітуге; <*>
- б) ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерге қатысты мемлекеттік меншік субъектісі құқығының функциясын жүзеге асыруға; <*>
- 7) Қазақстан Республикасының қолданылып отырған заңдарына сәйкес лицензиялауды жүзеге асыруға;
- 8) баспа қызметімен айналысуға, ведомстволық журналдар, газеттер, басқа да баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарын ұстауға;
- 9) сыйлықтар мен стипендиялар тағайындауға;
- 9-1) Қазақстан Республикасының білім, ғылым органдары мен оқу орындарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қоюға;
- 9-2) ведомстволық статистикалық байқауларды жүргізуге; <*>
- 9-3) ведомстволық статистикалық байқаулардың бағдарламаларын әзірлеуге; <*>
- 10) заңдарға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

Ескерту. 9-1)-тармақшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.07.23. N 990 қаулысымен. ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.02.21. N 186 қаулысымен.

3. Министрліктің мүлкі 13. Министрліктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады. Министрліктің мүлкі оған мемлекет берген мүлктің есебінен қалыптастырылады және негізгі қорлардан, сондай-ақ құны Министрліктің балансында көрсетілетін өзге мүлктен тұрады. 14. Министрліктің мүлкі республикалық меншікке жатады. 15. Министрліктің өзіне бекітілген мүлкті өзінше иеліктен алуға немесе оған өзгедей әдіспен билік етуге құқығы жоқ.

Министрлікке заңдарда белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін. 4. Министрліктің қызметін ұйымдастыру 16. Министрлікті Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Министр басқарады.

Министрдің, Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары болады. 17. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауап береді.

18. Министр осы мақсатта:

- 1) өз орынбасарлары мен Министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;
- 2) заңдарға сәйкес Министрліктің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 3) Министрліктің бұйрықтарына қол қояды;
- 4) Министрліктің регламентін және Министрліктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;
- 5) Министрліктің барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Министрліктің атының өкілдік етеді;
- 6) заңдарда белгіленген тәртіппен Министрліктің қызметкерлеріне тәртіптік шаралар қолданады;
- 7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады. 19. Министрліктің

Министрдің жанындағы консультативтік-кеңеспі орган болып табылатын Алқасы болады. Алқаның сандық және жеке құрамын Министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының арасынан Министр бекітеді. 5. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату 20. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы

Үкіметінің
1999 жылғы 19 қарашадағы
N 1754 қаулысымен

Бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігінің карауындағы ұйымдардың
Тізбесі

1. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар
1. Атырау мұнай және газ институты
2. Ы.Алтынсарин атындағы қазақ білім академиясы
- 3.(Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.04.19. N 526 қаулысымен.)
- 4 . < * >
- 5 . < * >
6. К.Бәйсейітова атындағы республикалық музыка колледжі
7. П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі

8. Ж.Елебеков атындағы республикалық эстрадалық-цирк колледжі
9. Алып тасталды - 2001.12.11. N 1619 қаулысымен.
10. О.Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжі
11. Ақмола экономикалық-қаржы колледжі
12. Семей экономикалық-қаржы колледжі
13. А.В.Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі
14. "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы
- 1 5 . < * >
16. Республикалық білім беруді ақпараттандыру ғылыми-әдістемелік орталығы
- 1 7 . < * >
- 1 8 . < * >
- 1 9 . < * >
- 2 0 . < * >
21. Жалпы генетика және цитология институты
22. Микробиология және вирусология институты
- 2 3 . < * >
- 2 4 . < * >
- 2 5 . < * >
- 2 6 . < * >
27. Алып тасталды - ҚРҰ-нің 2002.10.29. N 1148 қаулысымен.
- 2 8 . < * >
- 2 9 . Экономика институты
- 3 0 . < * >
31. А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты
32. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
33. Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
34. Философия және саясаттану институты
35. Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты
- 3 6 . < * >
37. Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты
- 3 8 . < * >
- 3 9 . < * >
- 4 0 . < * >
41. Алынып тасталды - 2001.05.10. N 615 қаулысымен.
- 4 2 - 5 1 . < * >
52. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.04.07. N 470 қаулысымен.
53. Қолданбалы математика институты
- 5 4 . < * >
55. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.10.29. N 1370 қаулысымен.
- 5 6 . Фитохимия институты
- 5 7 . < * >
- 5 8 . < * >
- 5 9 . < * >
60. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.06.27. N 623 қаулысымен
- 6 1 - 7 5 . < * >
76. Алып тасталды - ҚРҰ-нің 2002.10.29. N 1148 қаулысымен.
77. Алып тасталды - ҚРҰ-нің 2002.10.29. N 1148 қаулысымен.
- 7 8 - 9 4 . < * >
95. Алып тасталды - ҚРҰ-нің 2002.10.29. N 1148 қаулысымен.
- 9 6 . < * >
97. Алып тасталды - ҚРҰ-нің 2002.10.29. N 1148 қаулысымен.
98. Алып тасталды - ҚРҰ-нің 2002.10.29. N 1148 қаулысымен.
- 9 9 - 1 1 2 . < * >
113. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.01.20. N 20 қаулысымен.

				1 1 4 .		< * >
115.	Алып тасталды - ҚР	Үкіметінің	2001.01.20.	N 20	қаулысымен.	
				1 1 6 - 1 2 2 .		< * >
123.	Алып тасталды - ҚР	Үкіметінің	2001.01.20.	N 20	қаулысымен.	
				1 2 4 - 1 2 7 .		< * >
128.	Алып тасталды - ҚР	Үкіметінің	2001.01.20.	N 20	қаулысымен.	
				1 2 9 - 1 3 0 .		< * >
134.	Алып тасталды - ҚР	Үкіметінің	2001.01.20.	N 20	қаулысымен.	
				1 3 5 - 1 3 8 .		< * >
139.	Алып тасталды - ҚР	Үкіметінің	2001.01.20.	N 20	қаулысымен.	
				1 4 0 .		< * >
141.	Алып тасталды - ҚР	Үкіметінің	2001.01.20.	N 20	қаулысымен.	
				1 4 2 .		< * >
143.	Алып тасталды - ҚР	Үкіметінің	2001.01.20.	N 20	қаулысымен.	
				1 4 4 - 1 4 7 .		< * >
				1 4 8 .		< * >
	149.	Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат институты				
				1 5 0 .	Ғ а л ы м д а р	ү й і
151.	Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы					
				1 5 2 .	О р т а л ы қ	ғ ы л ы м и
					к і т а п х а н а	
153.	Республикалық ғылыми-техникалық кітапхана					
				1 5 4 .		< * >
				1 5 5 .		< * >
156.	Алып тасталды - ҚР	Үкіметінің	2003.11.29.	N 1214	қаулысымен .	
				1 5 7 .		< * >
157-1.	"Бөбек" ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы					<*>
157-2.	Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы					
157-3	Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті;					<*>
				1 5 7 - 4		< * >
				1 5 7 - 5		< * >
157-6	Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы;					
157-7	"Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы;					<*>
157-9	"Ғылым" ғылыми баспа орталығы.					
157-9.	Қазақстан Республикасының Биотехнология жөніндегі ұлттық орталығы					
157-10.	Алып тасталды - 2003.03.20.			N 277	қаулысымен .	
157-11.	Өсімдіктер физиологиясы, генетикасы және биоинженериясы институты					
157-12.	Ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты					
157-13.	Дәрілік қосылыстарды биологиялық зерттеулердің орталық лабораториясы					
				1 5 7 - 1 4 .	А л м а т ы	б и о к о м б и н а т ы
157-15.	Лазерлік технология жөніндегі Алматы инженерлік орталығы.					
				1 5 7 - 1 6 .		< * >
157-18.	Үлгі-тәжірибелік орман кешеттігі					
157-20.	12 жылдық білім беру проблемалары республикалық ғылыми-практикалық орталығы					
157-21.	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті					<*>
157-22.	Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті					<*>
157-23.	Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты					
157-24.	Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты					
157-25.	Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты					
157-26.	Семей мемлекеттік педагогикалық институты					
157-27.	Тараз мемлекеттік педагогикалық институты					
157-28.	Химиялық-технологиялық зерттеулер орталығы					

- 157-29. Физикалық-математикалық зерттеулер орталығы
157-30. Астрофизикалық зерттеулер орталығы
157-31. Биологиялық зерттеулер орталығы
157-32. Геологиялық-географиялық зерттеулер орталығы
157-33. Инфекцияға қарсы жаңа препараттарды әзірлеу <*>
157-34. С. Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік
агротехникалық университеті. <*>
157-35. "Салааралық ақпарат ғылыми-техникалық
орталығы 2. Мемлекеттік мекемелер 158. Алып тасталды - 2003.11.27. N 1191 қаулысымен.
159. Сейсмология тәжірибе-әдістемелік экспедициясы
160. Кеңес Одағының Батыры Сабыр Рахимов атындағы Республикалық
Шымкент әскери мектеп-интернаты <*>
161. Республикалық Қарағанды әскери мектеп-интернаты
162. Б.Момышұлы атындағы республикалық Алматы әскери мектеп-интернаты
163. А.Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ орта мамандырылған музыка
мектеп-интернаты < * >
164. Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын
орта мектеп-интернаты < * >
165. О.Жәутіков атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған физика-математика орта
мектеп-интернаты < * >
166. Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы
167. Академик Қ.И.Сәтпаевтың мемориалдық мұражайы
1 6 7 - 1 . < * >
167-2. Күләш Бәйсейітова атындағы дарынды балаларға арналған
республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты
167-3. Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығы
1 6 7 - 4 . Қ а р ж ы о р т а л ы ғ ы
167-5. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
167-6. Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
167-7. Қазақ ұлттық музыка академиясы 3. Заңға сәйкес республикалық мемлекеттік кәсіпорындар
болып қайта құрылатын ұйымдардың тізбесі 168. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.06.15.N 821 қаулысымен.
169. Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университеті
170. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті
1 7 1 . < * >
172. Алып тасталды - ҚРҰ-нің 2001.08.09.N 1043 қаулысымен.
173. Алматы технологиялық институты
174. Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
175. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
176. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті <*>
177. Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті
178. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті
1 7 9 . < * >
180. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
181. Алып тасталды - ҚРҰ-нің 2001.06.20.N 842 қаулысымен.
182. Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
1 8 3 . < * >
1 8 4 . < * >
1 8 5 . < * >
186. Алып тасталды - ҚРҰ-нің 2001.06.18. N 833 қаулысымен.
187. Алып тасталды - ҚРҰ-нің 2001.04.02. N 434 қаулысымен.
188. Алып тасталды - ҚРҰ-нің 2001.04.26. N 559 қаулысымен.
1 8 9 . < * >
190. Алып тасталды - ҚРҰ-нің 2001.08.23. N 1099 қаулысымен.
191. Қазақ ұлттық аграрлық университеті

192. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты
1 9 3 . < * >
1 9 4 . < * >
195. Әль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
196. Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті
197. Академик А.Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
198. Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті
199. Алып тасталды - ҚРҰ-нің 2001.05.11. N 623 қаулысымен.
200. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
201. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
202. А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
2 0 3 . < * >
2 0 4 . < * >
205. С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
206. Рудный индустриялық институты
207. Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті <*>
208. М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті
209. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
- ЕСКЕРТУ. Тізбеден 154-155-жолдар алып тасталды, 157-2 жолмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.12.03 N 1850 қаулысымен.
- ЕСКЕРТУ. Тізбе 157-1-жолмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.12.02 N 1824 қаулысымен.
- ЕСКЕРТУ. Тізбе 167-1-жолмен толықтырылды, 59-жол алып тасталды - ҚР Үкіметінің 1999.12.28 N 2001 қаулысымен.
- ЕСКЕРТУ. Тізбеден 17, 36, 57, 58, 157, 179, 183, 184, 185, 189, 193, 194, 203-жолдар алып тасталды, 157-3, 157-4, 157-5-жолдармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.02.14. N 236 қаулысымен.
- ЕСКЕРТУ. Тізбеден 204-жол алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.03.16. N 407 қаулысымен.
- ЕСКЕРТУ. Тізбе өзгерді және толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.04.19. N 604 қаулысымен.
- ЕСКЕРТУ. Тізбе 157-6-жолмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.05.19 N 766 қаулысымен.
- ЕСКЕРТУ. Тізбеден 23, 24, 25, 26-жолдар алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.07.05. N 1018 қаулысымен.
- ЕСКЕРТУ. Тізбеден 28-жол алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.07.10. N 1043 қаулысымен.
- Ескерту. Тізбе толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.10.12. N 1523 қаулысымен.
- ЕСКЕРТУ. Тізбе толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.11.07. N 1679 қаулысымен.
- Ескерту. Тізбе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.29. N 1782 қаулысымен.
- ЕСКЕРТУ. Тізбеден 167-1-жол алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.01.17. N 61 қаулысымен.
- ЕСКЕРТУ. 157-9-жолмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.01.20. N 88 қаулысымен.
- ЕСКЕРТУ. Тізбе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.01.31. N 163 қаулысымен.
- ЕСКЕРТУ. Тізбе 157-9 - 157-15-жолдармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.02.05. N 186 қаулысымен.
- Ескерту. Тізбе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.04.06. N 458 қаулысымен.
- ЕСКЕРТУ. Тізбе 157-16-жолмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.05.23. N 692 қаулысымен.
- Ескерту. Тізбе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.29. N 892 қаулысымен.
- ЕСКЕРТУ. Тізбе 157-18 жолмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.07.12. N 951 қаулысымен.
- ЕСКЕРТУ. Тізбе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.11. N 1313 қаулысымен.
- ЕСКЕРТУ. Тізбе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.24. N 1358 қаулысымен.
- ЕСКЕРТУ. Тізбеден 157-16-жол алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.05.17. N 533 қаулысымен.
- ЕСКЕРТУ. Тізбеден жолдар алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.06.28. N 704 қаулысымен.
- Ескерту. Тізбе 157-20 жолмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.07.27. N 839 қаулысымен.
- Ескерту. Тізбеден 27,76,77,95,97,98-жолдар алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.10.29. N 1148 қаулысымен.
- Ескерту. Тізбе 157-21 жолмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.11.05. N 1172 қаулысымен.
- ЕСКЕРТУ. Тізбеден 157-10-жол алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.03.20. N 277 қаулысымен.
- ЕСКЕРТУ. 60-жол алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.06.27. N 623 қаулысымен.

Ескерту. Тізбе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.01. N 774 қаулысымен .
Ескерту. Тізбе 157-22 жолмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.09.26. N 979 қаулысымен .
Ескерту. Тізбе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.11.29. N 1214 қаулысымен .
Ескерту. 157-7-жол жаңа редакцияда - 2004.01.30. N 112 қаулысымен .
Ескерту. Тізбе 157-23 - 157-27-жолдармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.02.03. N 128 қаулысымен .
Ескерту. Тізбе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.02.25. N 222 қаулысымен .
Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.05. N 280 қаулысымен .
Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.28. N 481 қаулысымен .
Ескерту. Тізбе 157-33 жолмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.25. N 703 қаулысымен .
Ескерту. 157-34-жолмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.08.03. N 829 қаулысымен .
Ескерту. 157-35-жолмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.08.31. N 921 қаулысымен .
Ескерту. 157-1-жол жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.09.30. N 1005 қаулысымен .
Ескерту. 163-жол жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.10.07. N 1041 қаулысымен . Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы

19 қарашадағы

1754 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің

Тізбесі 1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 наурыздағы N 233 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., N 8, 65-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 сәуірдегі N 352 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., N 12, 111-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 наурыздағы N 233 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 14 қыркүйектегі N 883 қаулысының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 мамырдағы N 608 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., N 20-21, 210-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 тамыздағы N 1093 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 10-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., N 40, 343-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қарауындағы ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 тамыздағы N 1230 қаулысы .

6. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің мекемелерін қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 тамыздағы N 1264 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., N 43, 391-құжат).

7. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің "Денсаулық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 қыркүйектегі N 1364 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы.